

**Воронеж ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 18 қарашадағы № 22 "Воронеж селолық округінің Придорожное селосының құрамдас бөлігін атау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қостанай облысы Федоров ауданы Воронеж ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 6 мамырдағы № 3 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 5 маусымда № 4815 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне орфография мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 қаңтардағы Заңына сәйкес Воронеж ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ**  
**Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. "Воронеж селолық округінің Придорожное селосының құрамдас бөлігін атау туралы" Воронеж ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 18 қарашадағы № 22 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-20-112 тіркелген, 2009 жылғы 9 қаңтарда "Федоровские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің мемлекеттік тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селосының", "селосы" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылының", "ауылы" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшасында мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селосының" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылының" деген сөздермен ауыстырылып өзгерістер енгізілсін;  
орыс тіліндегі мәтін өзгертілмейді.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Воронеж ауылдық округінің әкімі*

*Э. Омаров*